

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Бас редактор

Әбжанов Ханкелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова,
С. Әжіғали, Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Теленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, «Edu.e-history.kz»
электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.

Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).
Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Ханкелди Махматович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусеитова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz» Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:
№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).
При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"
of the Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Hankeldi Mahmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseytova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty, 28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz» Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications,
Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development
of the Republic of Kazakhstan, registration certificate:
No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).
When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies,
it is necessary to refer to the journal.

«ОЙРАТ» ЭТНОНИМИНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН

Құрманалина Н.Н.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты.

Nurgulca@mail.ru

Төлебаев Т.Ә.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих ғылымдарының докторы, профессоры.

Аңдатпа. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі отандық тарихтағы маңызды оқиғалардың бірі болып табылады. Зерттеушілер еңбектерінде жоңғарлар әртүрлі атаулармен: «жоңғарлар», «ойраттар», «қалмақтар», «элютер» және т.б. этнонимдермен көрсетіледі. Осыған байланысты аталған этнонимдердің мағынасы мен шығу тегін анықтап, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырату қажет. Бұл мақалада тарихнамалық зерттеу нысаны ретінде «ойрат» терминінің мәселесі жоғарыда аталған басқа этнонимдерден бөлек қарастырылады.

Түйін сөздер: автор, ру, ойрат этнонимі, Дербен-Ойраттар одағы, тұжырымдамалар.

ИСТОРИОГРАФИЯ ЭТНОНИМА «ОЙРАТ»

Курманалина Н.Н.

PhD докторант КазНУ им. аль-Фараби

Nurgulca@mail.ru

Тулебаев Т.А.

Доктор исторических наук, профессор КазНУ им. аль-Фараби

Резюме. Борьба казахского народа против джунгарского нашествия является одним из основных событий в отечественной истории. В трудах исследователей джунгары обозначаются разными названиями, таких как «джунгары», «ойраты», «калмыки», «элюты» и т.д. Поэтому необходимо определить значение и генезис этих этнонимов, различить их сходства и отличия. В данной статье в виде историографического объекта, вопрос исследования термина «ойрат» рассматривается в отдельности от других вышеназванных этнонимов.

Ключевые слова: автор, род, этноним ойрат, союз дербен-ойратов, концепции.

HISTORIOGRAPHY OF THE 'OYRAT' ETHNONYM

Kurmanalina N.N.

PhD student of the al-Farabi KazNU

Nurgulca@mail.ru

TULEBAEV T.A.

Doctor of Historical Sciences, Professor of the al-Farabi KazNU

Resume. Fight of the Kazakh people against Dzhungars' invasion is one of the main events in national history. In books Dzungars are designated according to different names, such as "Dzhungar", "Oyrat", "Kalmyk", "Eleut", etc. Therefore it is necessary to define value and genesis of these ethnonyms, to distinguish their similarities and differences. In this article in the form of historiography

object the question of research of the term "Oyrat" is considered separately from other above-named ethnonyms.

Key words: author, tribe, ethnonym oyrat, union of derben-oyrat, concepts.

Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі – ел тарихындағы өзекті оқиғалардың бірі. Зерттеушілердің еңбектерінде жоңғарлар «жоңғар», «ойрат», «қалмақ», «елеуіт» және басқа да атаулармен алмаса кездесіп отырады. Сондықтан бұл этнонимдерінің мағынасын, шығу тегін айқындау, олардың айырмашылықтары мен ұқсастығының ара жігін ашу қажет. Мақалада тарихнамалық зерттеу объектісі ретінде аталған терминдердің ішінен «ойрат» терминінің зерттелу мәселесі жеке қарастырылатын болады.

Қазіргі таңда қазақ елінің тарихындағы елеулі орын алған «Аңырақай», «Бұланты» шайқастары, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» және т.б. оқиғаларды зерттеу барысында ең алдымен жоңғарлар еске оралады. Осы жоңғарлар қазірде тарихи еңбектерде, басқа жанрдағы әдебиеттерде «жоңғар», «ойрат», «қалмақ», «елеуіт» және басқа да атаулармен алмаса кездесіп отырады. Сондықтан бұл этнонимдерінің мағынасын, шығу тегін айқындау, олардың өзара айырмашылықтары мен ұқсастығының ара жігін ашу қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі проблемасы тұрғысынан өзекті әрі қажетті мәселенің бірінен саналады. Бұл мақаланың тарихнамалық зерттеу объектісі ретінде аталған терминдердің ішінен «ойрат» терминінің зерттелу мәселесі жеке қарастырылатын болады.

XIX ғ. бас кезінен бастап ғылыми ортада «ойрат» терминінің негізінде моңғолдың «ойра» – «жақын» сөзі жатқандығы, ал «дербен» сөзі - «төрт» мағынасын беретіндігі жайлы көзқарас біршамақолдау тапты. Сөйтіп «дербен-ойрат» сөз тіркесі «төрт ойрат одағы» мағынасын беретіндігі туралы тұжырымдар басымдыққа ие болды (А. Ремюза, И. Шмидт). Алайда бұл концепцияға алғаш рет қарсы болып Д. Банзаров шыққандығын И. Златкин атап көрсетеді [1, с. 30].

Дәлірек айтар болсақ, Д. Банзаров 1849 ж. Қазан қаласында жарық көрген «Об ойратах и уйгурах» мақаласында былай деп келтіреді: «Обыкновенно объясняют название ойрат через «ближний», «союзник», производя его от монгольского ойро – «близко» (Nachricht über die Mong. Völk., 6; Шмидта: Forschungen, 45; Записки о Монголии, I, 134; Истор. обозрение ойратов, 3, 24), не стесняясь тем, что это производство не только грамматически невозможно, но не согласно с историей» [2, с. 181]. Тарихшының осы сөздерінен оның бірнеше зерттеушілерді сынап, олардың ойрат атауын «жақын» және «одақтас» сөздерімен байланыстыруы тек грамматикаға ғана қайшы емес, тарихқа да сай емес екендігі туралы тұжырым жасағанына куә боламыз. Автор ойрат атауына қатысты: «Поэтому я думаю, что ойрат происходит вовсе не от ойро, а составлен из слов ой-арат, которые соответствуют Рашидову ойн ирген и турецкому агачери, т.е. «лесной народ», - деген тұжырымын ұсынған. Оның «ойрат» сөзіне басқа ғалымдардан өзгешеленіп, орман халқы мағынасын таңуы ерекше қорытынды болғандығы анық байқалып тұр. Д. Банзаров: «...Мы выше видели, что ойраты до Чингис-хана, живя в Баргуджин-Тукуме, принадлежали к лесным народам. Таким образом, вероятно, они жили в лесах Южной Сибири и в известную эпоху, задолго до Чингис-хана, присвоили себе нарицательное «ойрат» в виде собственного имени» [2, с. 182]. Бұл сөздерден Д. Банзаровтың тіпті Шыңғысханға дейін-ақ ойраттар «ойрат» атауын иеленгендігі туралы өз көзқарасын жазып кеткендігі жөнінде қорытынды жасай аламыз.

Көкунор тарихын зерттеуші В. Успенский «дербен ойрат» концепциясына қарсы болған. Ол өз зерттеуінде: «...нельзя искать основания для счисления именно Четырехъ-Ойратовъ, каковыхъ никогда на лицо не находилось; следуетъ только принять во вниманіе моментъ единенія Ойратовъ съ Дурбэнами, когда образуется одна община подъ именемъ Дурбэн-Ойратъ, и

оставить слово Дурбэнъ не переводимымъ, какъ терминъ этнографическій, а не количественный. Гораздо позднее двухъ помянутыхъ родовъ появится, причисляемый къ Ойратамъ, родъ Тургутъ (Тургутъ или Торгаутъ мусульманскихъ историковъ). Самый позднейшій родъ, присоединявшійся и зачислившійся въ Ойраты едва ли уже не при Минской династїи, когда среди Монголовъ появились раздоры и усобицы, есть родъ Хошотъ, причисляемый къ Борджигитамъ, то-есть, прямым потомкамъ рода Чингисханова», - деп көрсеткен [3, с. 86-87]. Автор нақты төрт ойраттың болғандығын ешуақытта дәл негіздеуге келмейтіндігін, тек қана ойраттардың дербендермен біріккен кезін ғана атап өтуге болатындығын ескертеді. Себебі дәл сол уақыттарда «Дербен-ойрат» атанған біртұтас қауым құрылған. Осыған орай, ол дербен сөзін сан көрсеткіші, яғни төрт деген мағынасын беретіндігі туралы пікірден бас тартып, бұл сөзді этнографиялық термин ретінде аудармасыз қолданған жөн екендігін атап өткен. Автор алдымен дербендердің ойраттарға бірігіп «дербен-ойратты» құрағаннан кейін ғана оларға торғауыттардың, ал ең соңынан хошоуттардың ойраттарға қосылғандығын сөз еткен.

Зерттеуші Г. Грум-Гржимайло былай деген: «Имя «ойрат» как племенное становится известным в век Чингисхана; тогда же образовался и тот союз дурбенов с ойратами, который дал впоследствии повод монгольским и китайским историкам писать о «четырех ойратах (дурбэн-ойрат)» [4, с. 551]. Ол «ойрат» тайпа атауы ретінде Шыңғысхан уақытынан бастап белгілі болған және сол кезде дербендер мен ойраттардың одағы қалыптасқан деген қорытынды жасайды. Байқап отырғанымыздай, кейініректе моңғол және қытай тарихшыларының «төрт ойрат (дербен-ойрат)» туралы жазуына осы жағдай себеп болған. Г. Грум-Гржимайлоның басты тұжырымы «ойрат» тайпа атауын білдірген дегенге сай келеді.

Г. Рамстедт ойрат этимологиясына қатысты еңбегінде: «Не намереваясь пытаться объяснить значенія имени Ойратъ – можетъ быть оно никакого переводимаго значенія вовсе не имело, - я хочу лишь на почве лингвистическихъ фактовъ доказать, что Ойратъ или собственно Ојірад точъ въ точъ то же самое что древнее турецкое наименованіе Огузъ», - деп жазған [5, с. 550]. Автор ойрат сөзінің еш мағына бермеуі мүмкін екендігін айтқан және лингвистикалық талдауларға көп мән берген. Оның ойынша, ойрат сөзі көне түріктің оғыз (огуз) сөзімен мағыналас. Сол себептен ол өзінің аталған тұжырымын лингвистикалық фактілерді қолдана отырып, дәлелдеуге бет бұрған. Г. Рамстедт «Со время ослабленія монгольской власти, и особенно после изгнанія монгольской династїи изъ Китая, имя Ойратъ делается все более и более известнымъ; ойрат'ы и дөрбөн-ойрат'ы, «четыре ойрата» выступаютъ въ виде враговъ восточныхъ монголовъ и стремленія ихъ направлены на добываніе самостоятельности и независимости отъ «сорока» монголовъ. При этомъ ойрат'ы и сами все же народъ, говорящій чисто монгольскимъ языкомъ и соединяющій себя съ монголами подъ общимъ именемъ дөчин дөрбөн – «сорокъ и четыре, сорокъ-четыре». Эти монгольскіе «четверо ойратовъ» являются самыми западными монгольскими племенами...», - деп атап өткен [5, с. 547]. Г. Рамстедттің бұл жерде ойраттардың таза моңғол тілінде сөйлегендігін және ойраттардың өздерін ортақ «қырық төрт» (дөчин дөрбөн) атанған моңғолдармен байланыстырғаны жайлы қорытындысын көреміз.

Г. Авляев пен В. Санчилов бірлескен еңбегінде: «Очень важным для нас является вопрос о последствиях введения военной системы монголов для этногенеза ойратов послечингисовского периода, в частности, появления в их составе новых этнических образований – торгоута, хошоутов, дербетов и зюнгаров, отсутствовавших ранее. Насаждеие военной системы Чингисхана среди покоренных народов сказалося и на ойратах, они обязаны были выставять 4 тумена (40 тысяч) войск в общемонгольскую армию и поэтому их иногда нарекают и как «дербен тумен ойрат» (ойраты 4-х туменов) вместо традиционного имени «дербен ойрат». И, видимо, с Чингисовой эпохи вошла в употребление известная формула «дөчин дөрбөн хойер», что значит

«сорок и четыре», т.е. имеются в виду сорок туменов войск монголов и 4 тумена ойратов», - деп жазған[11, с. 236]. Авторлардың бұл жерде Шыңғыс хан заманынан бастап «дөчин дөрбен хойер», яғни «қырық және төрт» формуласының енгендігі жайлы тұжырымы ерекше боп тұр. Зерттеушілер моңғолдардағы әскери жүйені енгізудің салдары ойраттардың этногенезі үшін аса маңызды болғандығын ерекшелеген. Сонымен бірге қалмақ зерттеушілері тұжырымдарын жалғастыра келе: «Отдельные подразделения гвардейского корпуса позже превратились в одноименные этнические группы монголов и ойратов.....в послеюаньский период уже формируются этнические объединения – торгоуты и хошоуты, оформившие свои феодальные удельные княжества в рамках союза «Дербен-Ойрат», т.е. «Союз 4-х племен» [11, с. 238], - дейді. Тарихшылар гвардиялық корпустардың жекелеген бөлігі кейіннен өзімен аттас моңғол және ойрат этникалық топтар атауына айналғандығын сөз еткен. Олардың аталған тұжырымынан «дербен ойрат» теориясы бойынша төрт ойрат одағы мағынасын қолдайтынын байқай аламыз.

Иакинф есімімен танылған Н. Бичуриннің «ойрат» атауына қатысты ойын өз сөзімен берсек: «В Чжунгарии хотя находились три сильные Поколения: Чорос, Хошот и Торгот, но владельцы оных порознь не могли равняться с Элютэем в силе. Итак, желая соперничествовать с прочими на политическом поприще, они соединились между собой под названием Ойрат и Чоросского князя Махмуда, как старшего между ними, объявили Главою сего союза. Таково было происхождение титула Ойратов, которым Чжунгарские Монголы гордились более трех веков с половиною» [6, с. 25]. Автордың пікірі бойынша Жоңғариядағы шорос, хошоут және торғауыт атты мықты тайпалар саяси жағынан өз үстемдігін жоғарылату мақсатында өзара «ойрат» атауымен біріккен. Ал басшысы етіп, жасы үлкені болғандықтан шорос князі Махмұдты сайлаған. Н. Бичурин ойрат титулының шығу тарихын осылайша түсіндіріп, оның негізінде жатқан Жоңғария моңғолдарының үш ғасырдан астам билік құрғандағы үлесін де атап өткен.

К. Костенков ұзақ жылдар бойы Еділдегі қалмақтардың арасында өмір сүріп, олардың өткен тарихын зерттеген. Ол: «Возникшие около половины XIV столетия в Китае беспорядки, окончившиеся с низвержением монгольской династии, были причиной страшных кровопролитий; страна была раздираема междоусобиями, вследствие которых образовалось множество не зависимых одно от другого мелких владений. Для поддержания своей независимости, в виду этой неурядицы, три монгольские племена: Чорось, Хойть, Хошоть, кочевавшие на северо-западе Китая, сопредельное с владениями Азиатской России, в нынешней Зюнгарии, или Джунгарии, образовали в конце XIV столетия, между собою союз, известный под названием Ойратского; впоследствии к нему присоединилось еще одно монгольское племя Торгоуть и союз этот стал известен под названием Дербень-Ойрат четырех союзие (по монгольски дербень – четыре)» [8, с. 1]. Автор XIV ғ. Қытайда орын алған ахуал салдарынан моңғол династиясы құлап, ел ішіндегі өзара талас-тартыстар нәтижесінен бірнеше жекеленген ұсақ иеліктердің пайда болғандығын көрсетеді. Осы кезеңде өз тәуелсіздігін сақтау мақсатында Қытайдың солтүстік-батысында көшіп-қонып жүрген шорос, хойт және хошоут тайпалары өзара бірігіп, ойрат атауымен одақ құрғандығы туралы қорытынды жасаған. К. Костенков кейіннен бұларға моңғолдың тағы бір торғауыт тайпасы қосылып, тайпа бірлестігі енді «дербен-ойрат» атауымен шыға бастайды - деп есептейді.

Қалмақ тілінде еркін сөйлеген, көне қалмақ тілін меңгерген және ұзақ жылдар бойы «қалмақ істеріне» араласып отырған В. Бакуниннің «Описание калмыцких народов, а особливо из них торгоутского, и поступков их ханов и владельцев» еңбегінің өзіндік маңызы бар. Ол осы жұмысында: «Но сие достоверно, что в XVI в. калмыцкий народ назывался на их языке ойрот (ойротами назывались поколения западных монголов, объединенных под главенством чоросского князя Махмуда), а по-мунгальски ойлиот, и от мунгал научился грамоте и

арифметике, а разделялся между себя на четыре части и назывались: 1. Хошоут, 2. Баргу Бурат, 3. Зенгор, 4. Торгоут» - деп көрсетеді [15, с. 180]. В. Бакуниннің айтуынша XVI ғ. қалмақ халқы өздерін ойрот атымен атаған. Ойрот деп шорос кнәзі Махмұдтың басшылығымен біріккен батыс моңғол ұрпақтарын атаған. Ойрот моңғолша ойлиот атанған. Олар өзара төрт бөлікке бөлініп, 1. Хошоут, 2. Баргу Бурат, 3. Зенгор, 4. Торғауыт аталған.

В. Терентьев өзінің мақаласында: «Ойраты являются одной из составляющих современной монгольской нации и приобрели в Новое время национальное и региональное своеобразие...», - деп жазған [16]. Автордың ойынша, ойраттар қазіргі моңғол ұлтының бір бөлігі және олар жаңа заман тұсында ұлттық және аймақтық өзіндік сипатына ие болған. Ол зерттеуінде «ойрат» этнониміне қатысты бірнеше концепцияларды келтіріп, қосымша қалмақ лингвисті, Н.Н. Убашевтың «ойрат» термині «қасқыр» мағынасында тотемдік тегіне сай келетіндігі туралы нұсқасын ұсынған [17, с. 203].

Зерттеуші Т. Борисов та өзінің «Калмыкия» еңбегінде қалмақ, елеуіт этнонимін қарастырады. «Дербен-ойрат» туралы ол: «В XIV веке четыре монгольских рода: Чоросы, Дербеты, Торгоуты Хошеуты образовали союз, во главе которого стал чоросский тайши, владетель Джунгарии. Союз получил название дербен-ойрат, т.е. союз четырех соединенных», - дейді. Автор өз қорытындысында зерттеушілер арасында кең тараған дербен-ойрат концепциясын қолдаған [18, с. 5].

Қалмақ ғалымы У. Эрдниев «ойрат» терминін бірлескен тайпалар атауы ретінде ұғынған дұрыс деген қорытындысын жасаған. Ол: «ойраттар» атауының өзі тайпалардың жиынтық аты болып табылады», - дейді [19, 2-б.].

В. Бартольд: «...в конце XIV в. возвысился союз четырех поколений (Чорос, Хошот, Торгот и Хоит)», - деп көрсеуі, ойрат одағы XIV ғ. соңында құрылғандығы жайлы көзқараста болғандығының нақты белгісі [9, с. 72]. Автордың пікіріне сәйкес, бұл одақ әу бастан-ақ төрт мүшелік, яғни шорос, хошоут, торғауыт және хойт ұрпақтарынан құралған.

С. Козин: «Еще при Чингис-хане ойратский четыреединый каганат вошел в организованную этим завоевателем Монгольскую державу и оставался в составе империи чингисханидов, которая в Китае называлась вплоть до ее падения династийным именем Юань или Да-Юань (Великая Юань)», - деп жазғаны арқылы оның XIII ғасырдардан бастап-ақ ойраттың төрттік қағанаты Шыңғысхан империясының құрамында болғандығы туралы тұжырымдағанын көреміз [10, с. 3]. Автор ойрат одағы сонау Шыңғысхан тұсынан ғұмыр кешкендігі туралы көзқарасын ұсынған.

Еурапалық зерттеуші Рене Груссе: «Впоследствии, после смерти их хана Эсен-тайджи, к 1455 г., единство ойратов подошло к своему концу. Четыре ранее объединенных народа, составлявшее достаточно долгое время единое западно-монгольское ханство, провозгласили свою независимость друг от друга. Эти четыре народа, если мы проследим историю по свидетельству императора Цянь-Луна, составляли: чорос, или цорос, дорбод, дорбот, или турбет, торгут, или торгхут; и хошот, затем хоит, вассалы дорботов. Чорос, дорбот, торгхут и хошот, хотя политически и тали разрозненными, но продолжали в целом называться «Четыре объединенных» («Дорбен Ойрат»). Их именовали также людьми «левого крыла», буквально, «левая рука», «дзагун гар», или джунгар, откуда и произошел западный термин «джунгары», - деп жазған [11, с. 204]. Автордың байқағанындай, 1455 ж. Есен тайшының өлімінен соң ойраттар ыдыраған. Салыстырмалы түрде ұзақ уақыт бойы біртұтас батыс-моңғол хандығын құраған бірлескен төрт халық бір-бірінен жеке-жеке тәуелсіздігін жариялайды. Автордың тайпа құрамын әр түрлі етіп көрсеткені түсінікті. Себебі бұған дейін де осы мәселені қарастырған зерттеушілер әр алуан кезеңді сипаттағандықтан, жасаған қорытындылары да бір-бірінен ерекшеленіп отырған. Ойын түйіндей келе француз шығыстанушысы тайпалар саяси жағынан жекеленсе де,

жалпы түрде «дербен ойрат» атала бергендігін айтады. Және бұл атауға тарихшы синоним ретінде «сол қанат», «сол қол», «дзунгар» терминдерін келтіріп, осыдан кейін «жоңғар» этнонимі дүниеге келгенін қорытындылаған.

Белгілі моңғолтанушы И. Златкин «ойрат» этнонимінің шығуын ғылыми деңгейде зерттеуге өз үлесін қосқан. Ол өзінің «История Джунгарского ханства (1635-1758)» еңбегінде В. Рязановский, Г. Ховорс, Д. Банзаров, Э. Бретшнейдер сияқты басқа да көптеген авторлардың жұмыстарын талдап қарастырған. И. Златкин «ойрат» терминіне қатысты: 1) «ойрат» этнонимнің шығу тегі мен оның мағынасын; 2) ойрат одағының құрамы мен дүниеге келу жағдайларын; 3) ойраттардың ел ретінде қалыптасу уақытын, себептерін саралау мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізген. Өзі жасаған ғылыми ізденістер нәтижесінде ол аталған проблемалар бойынша бірнеше қорытындыларын ұсынады. Автор: «Вопрос о происхождении и значении термина «ойрат» остается открытым до настоящего времени», - деп көрсеткен. Яғни бірнеше зерттеушілердің пікірлерін зерттей келе ол «ойрат» терминінің пайда болуы және мағынасы туралы мәселе әлі де ашық тұрғандығы туралы тұжырым жасаған. Дегенмен де тарихшы «ойрат» - «одақтас», ал «дербен-ойрат» - «төрт ойрат одағы» мағынасын беретіндігі туралы теория дәлелденбегенін ескерткен [1, с. 31]. И. Златкин ойрат одағының құрамы мен дүниеге келу жағдайларына байланысты бірнеше авторлардың түрлі пікірлерін қарастыра келе соңында: «...вопрос о составе ойратского союза и времени его образования всегда был неясен и запутан», - деп, ойрат одағының құрамы және оның қалыптасу уақыты әрқашан түсініксіз әрі шытырман болғандығын түйіндейді. И. Златкин осылай деп түйіндеуіне қарамастан ойрат одағының қалыптасу мақсаты мен себептері бойынша зерттеушілер арасында көп айырма болмағандығын ескерте отырып, ол зерттеушілердің барлығы бұның себебін шығыс моңғолдарына қарсы күрес үшін ойраттар күш біріктіруге, тұтас Моңғолияда үстемдік құруға, шыңғыстықтар империясын қалпына келтіруге тырысқандықтарынан көргендігі туралы қорытынды жасаған [1, с. 35].

И. Златкиннің неліктен Жоңғар хандығын мекендеген елге таңылған көп атаулардың ішінен (жоңғар, ойрат, қалмақ, елеуіт және т.б.) басқа емес, «ойрат» сөзінің мағынасы айналасында зерттеу жүргізген деген сұрақ туындауы мүмкін. Оның себебі автор В. Котвичтің: «Для обозначения западных монголов в русской и иностранной литературе употребляются чаще всего три термина: ойраты – из монгольских источников, калмыки – из мусульманских, которым следуют и старые русские источники, в том числе архивные документы, и элюты (өлөты, eleuths) – из китайских. Здесь принят монгольский термин ойраты; за термином же калмыки сохранено его специальное употребление для обозначения той группы ойратов, которая проживает по рекам Волге, Дону и Уралу и усвоила себе это наименование, забыв старое имя ойраты», - деп жазған ойын қолдағанынан туындаған. Бұндағы көзқарас бойынша батыс моңғолдарын әр деректерде әрқалай атап отырғаны айқындалған. Моңғол деректерінде – ойрат, мұсылман деректерінде, сонымен қатар ескі орыс деректерінде, мұрағаттарында – қалмақ, ал қытай деректерінде – елеуіт атымен кездесетіндігі түйінделген. Мұнда моңғолдық «ойрат» термині қабылданып, ал қалмақ атауы Еділ, Дон, Орал өзендері бойын мекендеген ел бөлігінде сақталып, ескі «ойрат» атауы ұмытылғандығы сөз болады. И. Златкин В. Котвичтің соңғы пікірімен келісе отырып, Жоңғар хандығын мекен еткендерді ойрат атап, ал олардың XVII ғ. Еділ бойына тұрақтаған тобын қалмақ атайтындығы туралы қорытындысын келтірген [12, с. 4].

В. Котвичтің осы тұжырымын қолдап, сілтеме беруші зерттеуші тек И. Златкин ғана емес, сонымен қатар В. Моисеев [13] пен Ж. Құндақбаева [14] да бар екенін нақты көрсетуге болады. В. Моисеев «Джунгарское ханство и казахи (XVII-XVIII вв.)» еңбегінде: «Соседним народам ойраты были известны под различными названиями. Так, в китайских исторических сочинениях ойратские племена фигурируют под названием элетов (олотов, элитов), валатэ и т.д.;

мусульманские народы уже в XV в., а вслед за ними и русские, называли ойратов калмыками (калмаками)» - деп өз ойын келтіріп отырып, соңынан В. Котвичтің жоғарыдағы тұжырымын келтіріп, сілтеме жасаған. В. Моисеев батыс моңғолдарының: ойрат, қалмақ, елеуіт этимологиялық атаулары туралы мәселе бойынша ғылыми басылым беттеріндегі пікірталастар бар екенін ескерте кеткен [13, с. 7].

Тәуелсіз еліміздің тарихшысы Ж. Құндақбаева да «Семантика терминов «ойрат и «калмык» в трудах русских востоковедов» мақаласында ресейлік шығыстанушылардың еңбектерінде «ойрат» және «калмақ» терминінің семантикасын қарастырады. Ол В. Бакунин, П. Паллас, И. Георги, Н. Бичурин, В. Бартольд еңбектеріндегі аталған мәселе бойынша мағлұматтарға талдау жасай отырып, В. Котвичтің де ойын сөзбе-сөз келтірген. Автор В. Котвич сөзімен келісе отырып: «Исходя из сказанного, употребление данных названий в трудах русских востоковедов значение слово «ойрат» можно определить как самоназвание западно-монгольских племен. В этом плане все исследователи единодушны, хотя высказывают различные мнения по этимологии данного слова, о существовании ойратского союза племен [14, с. 9]. Қорыта келгенде, В. Котвичтің батыс моңғолдарын әр деректерде әрқалай атап отырғандығы, моңғол деректерінде – ойрат, мұсылман деректерінде, сонымен қатар ескі орыс деректерінде, мұрағаттарында – қалмақ, ал қытай деректерінде – елеуіт атымен кездесетіндігі туралы ойы зерттеушілердің көбінің тарапынан қолдау тапқан, тұрақтаған тұжырым ретінде бағалауымызға болады. Автордың сонымен бірге Жоңғар хандығының халқына моңғолдық «ойрат» терминін таңып, ал қалмақ атауы Еділ, Дон, Орал өзендері бойын мекендеген ел бөлігіне тән екендігі жайлы пікірін де тарихшылар көп қолдаған.

Ж. Құндақбаева зерттеу соңында мынандай қорытындыға келген: «Употребление данных названий в трудах русских востоковедов значение слова «ойрат» можно определить как самоназвание западно-монгольских племен». Оның тұжырымдауынша, орыс шығыстанушылары өз еңбектерінде «ойрат» сөзін батыс-моңғол тайпаларын, яғни Жоңғария хандығындағыларды атау үшін қолданған.

«Термин «калмык» первоначально, начиная с первой половины XV в., обозначал ойратов, вторгавшихся на территорию мусульманских государств Средней Азии и Восточного Туркестана, в первую очередь Могулистана. Другими словами, калмык был названием этнографической группы. Затем в XVII-XVIII вв. Слово «калмыки» применяется для обозначения особой сложившейся в XVII в. народности: ойраты – предки, калмыки – потомки, т.е. для обозначения ойратов, которые обосновались в 30-х г. XVII в.», - деген автор [14, с. 9]. Автордың бұндағы қорытындысы бойынша «калмақ» термині алғашында ойраттарды білдірген, этнографиялық топ атауы болса, кейінірек XVII ғ. қалыптасқан ел атауын белгілеуде қолданылған, яғни ойраттар – ата-бабасы, ал қалмақтар – олардың ұрпақтары дегенге саяды. Автордың бұл қорытындысы У. Эрдниевтің тұжырымымен сәйкес келеді. Ойымыз дәлелді болу үшін оның сөзінен үзінді келтірейік. У. Эрдниев мақаласында: «қалмақтар – ежелгі моңғол тайпаларының бірі ойраттардың ұрпағы...», - деп жазған [19, 2-б.].

Сонымен, айналып келгенде, Ж. Құндақбаева да XVI-XVIII батыс моңғол тайпаларын (Жоңғар хандығын құраған елге - авт.) «ойрат» атауын қолданып, ал Еділ бойына қоныстанған олардың бір бөлігін «калмақ» деп атау орынды екендігі туралы қорытынды жасаған.

Қорыта келгенде, «ойрат» этнонимі бүгінгі күнге дейін көптеген зерттеушілерді ойландырған тартымды әрі даулы мәселелердің бірі ретінде қалып отыр. Тарихшылар «ойрат» терминінің мағынасын ашу бойынша қолда бар деректерін пайдалана отырып, өз тұжырымдарын ұсынған. Авторлардың ішінен Д. Банзаров «ойрат» сөзін – «орман халқы» мағынасында түсіндірсе [2], Г. Рамстедт көне түріктік «оғыз» сөзімен байланыстырған [5], Н. Убашев тотемдік «қасқыр» мәніне сәйкестендірген [17]. Р. Груссе, Т. Борисов «дербен-ойрат»

концепциясын қолдаған [11] [18]. Н. Бичурин, К. Костенков, У. Эрдниев тайпалар бірлестігінің атауы деп қабылдаған [7] [8] [19].

И. Златкин мен В. Моисеевтің «ойрат» термині мәселесі әлі де ашық тұрғандығы туралы ойларын жеткізген [1] [13].

И. Златкиннің «ойрат» - «одақтас», ал «дербен-ойрат» - «төрт ойрат одағы» мағынасын беретіндігі туралы теория дәлелденбегендігі туралы қорытындысын өз тарапымыздан қолдаймыз. Оған себеп зерттеушілер ойраттар одағына кірген нақты төрт тайпаны көрсетпеген, олар одақ құрамында бірде үш, бірде төрт, кейде алты т.б. санды тайпаларды біріктіріп қарастырған.

В. Успенскийдің «дербен-ойраттағы» алғашқысын этнографиялық термин ретінде қабылдауы және ойраттарға дербендер қосылғаннан кейін «дербен-ойрат» атауы дүниеге келгендігі туралы қорытынды көңілге қонымды деп есептейміз. Себебі өзіміз қарастырған авторлардың бірнешеуі – Г. Грум-Гржимайло, В. Бакунин, С. Козин, Ж. Құндақбаева, Г. Авляев пен В. Санчилов «ойрат» сөзін тайпа, этникалық топ атауы ретінде түсіндірген [4] [15] [10] [6] [14]. Біздің пікірімізше, «ойрат» та, «дербен» де тайпа атаулары, осы екі беделді тайпалар біріккен тұстан бастап, оларды «дербен-ойрат» атай бастаған. «Ойрат» сөзін тайпалық бірлестік атауы ретінде қарастырған У. Эрдниев: «Олардың (ойраттардың – авт.) құрамына, біздің ойымызша, өзара туыс, қандас аталар: цоростар, шарадтар, шарнұдтар, замұдтар, харнұдтар, батұттар, бағұттар, тұқтұндар, хойттар және т.б. кірген тәрізді. Бұлардың арасында серкелік танытқаны, айрықша ықпалға ие болғаны, ақсүйегі (аристократы), саяси жағынан қуаттысы ойраттар болған-ды. Сондықтан, олардың аты осынау қуатты Ойрат одағына кірген барлық тайпаның ортақ атауына айналды», - деп пікірін білдірген [19, 4-б.]. Тарихшы одақ атауы неліктен «ойрат» аталды деген сұраққа жауап беріп тұр. Ол осы бірлестік құрамындағы ең беделді тайпа болып ойраттар танылғандығының салдары еді. Автордың бұл көзқарасын қолдаймыз. Тарихымызда белгілі бір елді жаулап алу болмаса басқыншылыққа қарсы күш біріктіру мақсатында тайпалар, елдер өзара ассимиляцияға түскен. Осындай үрдістер барысында тайпалардың ішіндегі мықтысы, беделдісі екіншісін өзіне қосып, сіңіріп алатыны белгілі. Сол себептен тек солардың ішіндегі ірісінің атауы сақталып отырған. Осы сияқты ойраттар батыс моңғол тайпаларының ішіндегі беделдісі болып, өз атауларын жалпы тайпалар бірлестігінің атауына айналдыра алған. Ол тайпалардың барлығы бірлесіп, Жоңғар хандығы халқының негізін құраған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – Москва: Издательство «Наука», 1964. – 482 с.
- 2 Банзаров Д. Об ойратах и уйгурах // Доржи Банзаров Собрание сочинений. – М.: Издательство Академии наук СССР, 1955. – 374 с. С. 180-186.
- 3 Успенский В.М. Страна Кукэ-норъ или Цинь-хай, съ прибавленіемъ краткой исторіи ойратовъ и монголовъ, по изгнаніи послѣднихъ изъ Китая, въ связи съ исторіею Кукэ-нора (Преимущественно по китайскимъ источникамъ). – С.-Петербургъ: в типографіи В. Безобразова и комп. (Вас. Остр., 8 л., д. №45), 1880. – 140 с.
- 4 Западная Монголия и Урянхайский край. Т.2. Исторический очерк этих стран в связи с историей Средней Азии / составлен Г.Е. Грум-Гржимайло. 1926.– 898 с.
- 5 Рамstedт Г.И. Этимология имени Ойратъ. – С.-Петербургъ: Типография В.Ө. Киршбаума (отделение), Новоисаакіевская, 20. 1909. – С. 550.
- 6 Авляев Г.О., Санчилов В.П. К вопросу о происхождении торгоутов и хошоутов в этническом составе средневековых ойратов Джунгарии (к проблеме этногенеза калмыков). // Век

казахско-джунгарского противосотояния / Сост. Е.Б. Касенов. – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2006. – 248 с.

7 Бичурин Н.Я. Историческое обозрение ойратов или калмыков с XV столетия до настоящего времени. 2-е издание. – Элиста: Калмыцкое книжное издательство, 1991. – 128 с.

8 Историческія и статистическія свѣденія о калмыкахъ кочующихъ въ Астраханской губерніи / составилъ главный попечитель калмыцкаго народа генерал-маіоръ К. Костенковъ. – С.-Петербургъ: Типографія Нусвальта, Литейная №13, 1870. – 171 с.

9 Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья. – Фрунзе: Киргизгосиздат, 1943. – 104 с.

10 Козин С.А. Джангариада. Героическая поэма калмыков. – М.-Л.: Издательство Академии наук СССР, 1940. – 252 с.

11 Груссе Р. Империя степей. Аттила, Чингисхан, Тамерлан. Последние монголы. Часть III. // Век казахско-джунгарского противосотояния / Сост. Е.Б. Касенов. – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2006. – 248 с.

12 Котвич В.Л. Русские архивные документы по сношениям с ойратами в XVII-XVIII вв. – ИРАН. Пг., – 1919. – №12-15. – С. 791; Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – Москва: Издательство «Наука», 1964. – 482 с.

13 Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XVII-XVIII вв.). – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 238 с.

14 Кундакбаева Ж.Б. Семантика терминов «ойрат и «калмык» в трудах русских востоковедов // – Вестник КазНУ. Сер. Вост. – №1. – 2002. – С. 6-10.

15 Бакунин В.М. Описание калмыцких народов, а особливо из них торгоутского, и поступков их ханов и владельцев (отрывки). // Век казахско-джунгарского противосотояния / Сост. Е.Б. Касенов. – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2006. – 248 с.

16 Терентьев В.И. Ойраты: этнокультурная составляющая политонима и контуры современной этноисторической общности // Вестник Томского государственного университета. История. – 2013. – №3(23). – С. 202-205.

17 Сайт «Хамаг монгол» [электронный ресурс]// URL:<http://www.hamagmongol.narod.ru> (дата обращения: 15.02.2013); Терентьев В.И. Ойраты: этнокультурная составляющая политонима и контуры современной этноисторической общности // Вестник Томского государственного университета. История. – 2013. – №3(23).

18 Борисов Т.К. Калмыкия: историко-политический и социально-экономический очерк / Т. К. Борисов. – М.; Л.: Гос. изд-во, 1926. – 97 с.

19 Эрдниев У. «Қалмақ» атауы қайдан шыққан? // Көк аспан – қара жер. №2(20). – ақпан., 1995. – 2-4 бб.

References

1 Zlatkin I.Ya. Istoriya Dzhungarskogo hanstva (1635-1758). – Moskva: Izdatelstvo «Nauka», 1964. – 482 s.

2 Banzarov D. Ob oyrah i uygurah // Dorzhi Banzarov Sobranie sochineniy. – M.: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR, 1955. – 374 s. S. 180-186.

3 Uspenskiy V.M. Strana Kuke-nor' ili Tsин'-hay, s' pribavleniem' kratkoy istorii oyratov' i mongolov', po izgnanii poslednih' iz' Kitaya, v' svyazi s' istorieyu Kuke-nora (Preimuschestvenno po kitayskim' istochnikam'). – S.-Peterburg': v tipografii V. Bezobrazova i komp. (Vas. Ostr., 8 l., d. №45), 1880. – 140 s.

4 Zapadnaya Mongoliya i Uryanhayskiy kray. T.2. Istoricheskiy ocherk etih stran v svyazi s istoriey Sredney Azii / sostavlenn G.E. Grum-Grzhimaylo. 1926. – 898 s.

5 Ramstedt G.I. Etimologiya imeni Oyrat'. – S.-Peterburg': Tipografiya V. Kirshbauma (otdelenie), Novoisaakiyevskaya, 20. 1909. – S. 550.

6 Avlyayev G.O., Sanchirov V.P. K voprosu o poishozhdenii torgoutov i hoshoutav v etnieskom sostave srednevekovykh oyratov Dzhungarii (k probleme etnogeneza kalmykov). // Vek kazahsko-dzhungarskogo protivosotoyaniya / Sost. E.B. Kasenov. – Pavlodar: TOO NPF «EKO», 2006. – 248 s.

7 Bichurin N.Ya. Istoricheskoe obozrenie oyratov ili kalmykov s XV stoletiya do nastoyaschego vremeni. 2-e izdanie. – Elista: Kalmyitskoe knizhnoe izdatelstvo, 1991. – 128 s.

8 Istoricheskaya i statisticheskaya svedeniya o kalmykakh' kochuyuschih' v' Astrahanskoy gubernii / sostavil' glavnyy popechitel kalmyitskogo naroda general-major' K. Kostenkov'. – S.-Peterburg': Tipografiya Nusvalta, Liteynaya №13, 1870. – 171 s.

9 Bartold V.V. Oчерk istorii Semirechya. – Frunze: Kirgizgosizdat, 1943. – 104 s.

10 Kozin S.A. Dzhungariada. Geroicheskaya poema kalmykov. – M.-L.: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR, 1940. – 252 s.

11 Grusse R. Imperiya stepy. Attila, Chingishan, Tamerlan. Poslednie mongolyi. Chast III. // Vek kazahsko-dzhungarskogo protivosotoyaniya / Sost. E.B. Kasenov. – Pavlodar: TOO NPF «EKO», 2006. – 248 s.

12 Kotvich V.L. Russkie arhivnyie dokumenty po snosheniyam s oyratami v XVII-XVIII vv. – IRAN. Pg., – 1919. – №12-15. – S. 791; Zlatkin I.Ya. Istoriya Dzhungarskogo hanstva (1635-1758). – Moskva: Izdatelstvo «Nauka», 1964. – 482 s.

13 Moiseev V.A. Dzhungarskoe hanstvo i kazahi (XVII-XVIII vv.). – Alma-Ata: Gyilyim, 1991. – 238 s.

14 Kundakbaeva Zh.B. Semantika terminov «oyrat i «kalmyk» v trudakh russkikh vostokovedov // – Vestnik KazNU. Ser. Vost. – №1. – 2002. – S. 6-10.

15 Bakunin V.M. Opisanie kalmyitskikh narodov, a osoblybo iz nih torgautskogo, i postupkov ih hanov i vladeltsev (otryivki). // Vek kazahsko-dzhungarskogo protivosotoyaniya / Sost. E.B. Kasenov. – Pavlodar: TOO NPF «EKO», 2006. – 248 s.

16 Terentev V.I. Oyraty: etnokulturnaya sostavlyayushaya politonima i konturyi sovremennoy etnoistoricheskoy obschnosti // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Istoriya. – 2013. – №3(23). – S. 202-205.

17 Sayt «Hamag mongol» [elektronnyy resurs] // URL: <http://www.hamagmongol.narod.ru> (data obrascheniya: 15.02.2013); Terentev V.I. Oyraty: etnokulturnaya sostavlyayushaya politonima i konturyi sovremennoy etnoistoricheskoy obschnosti // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Istoriya. – 2013. – №3(23).

18 Borisov T.K. Kalmykiya: istoriko-politicheskiy i sotsialno-ekonomicheskiy oчерk / T. K. Borisov. – M.; L.: Gos. izd-vo, 1926. – 97 s.

19 Erdniev U. «Kalmak» ataui kaydan shyikkan? // Kok aspan – kara zher. №2(20). – akpan., 1995. – 2-4 bb.

МАЗМҰНЫ

Атантаева Б.Ж., Бекбаева А.Е. XIX ҒАСЫРДЫҢ І ЖАРТЫСЫНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНА ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛУЫ	6
Атығаев Н.Ә. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ МӘСЕЛЕСІНЕ КӨЗҚАРАСЫ	14
Жеңіс Ж., Нәлібаева С.М. “ШАХНАМА” ЖЫРЫНДАҒЫ ТҰРАНДЫҚТАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ	28
Жубанышов Б.Т., Каипбаева А.Т. XIX – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНДЕГІ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ АГРАРЛЫҚ-ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫ	35
Кожанов К.Б. РЕСЕЙ ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯ ГЕОСАЯСАТЫНДАҒЫ АУҒАНСТАН (XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)	39
Күлсариева С.П. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАЖАЙЫНЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖИЫНТЫҚТАҒЫ ЕРТЕ ПАЛЕОЛИТ АРТЕФАКТТАРЫ	50
Курманкулов Ж., Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПАМЯТНИКИ НИЖНЕЙ СЫРДАРЬИ	56
Құрманалина Н.Н., Тулебаев Т.А. «ОЙРАТ» ЭТНОНИМИНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН	64
Орынбаева Г.Ү. АРИДТЫ АЙМАҚТАРДАҒЫ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ЖАРТЫЛАЙ КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР (19-ҒАСЫРДЫҢ 80-ЖЖ. – 20-ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)	74
Оспанов Н. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН	96
Жанымхан О. ҚЫТАЙДЫҢ XIII ҒАСЫРДАҒЫ САЯХАТНАМАЛАРЫ МЕН ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ҚАЗАҚ ЭТНОТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІГІНДЕГІ ҚАЛАЛАР	104
Рустем К., Сарыбаев М. ГЛАВЛИТ НҰСҚАУЛАРЫ – КЕҢЕСТІК ҚОҒАМДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ЦЕНЗУРАЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ	120

Сарыбаев М.С.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕУРОПА ЕЛДЕРІМЕН ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ126

Төленова З.М.

Д.А. КОНАЕВ И РАЗВИТИЕ НАУКИ КАЗАХСТАНА133

Хинков-Айтбаева Н.Б.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗІНДЕГІ КҮРДТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНҒА
ЖЕР АУДАРЫЛУЫ (ҰОС 70 ЖЫЛДЫҒЫНА)141

Шалекенов М.У.

ХІХ-ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ150

СОДЕРЖАНИЕ

Атантаева Б.Ж., Бекбаева А.Е. ЗАСЕЛЕНИЕ ЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП НА ТЕРРИТОРИЮ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В I ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА	6
Атыгаев Н.Ә. К ВОПРОСУ О ТРАКТОВКЕ ПРЕДЫСТОРИИ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА	14
Жеңіс Ж., Налибаева С.М. МИРОВОЗЗРЕНИЕ ТУРАНЦЕВ В ЭПОСЕ «ШАХНАМЕ»	28
Жубанышов Б.Т., Каипбаева А.Т. АГРАРНО-КОЛОНИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА ЦАРСКОЙ РОССИИ В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА	35
Кожанов К.Б. АФГАНИСТАН В ГЕОПОЛИТИКЕ РОССИИ И БРИТАНИИ (КОНЕЦ XIX - НАЧАЛО XX ВЕКА)	39
Күлсариева С.П. АРТЕФАКТЫ РАННЕГО ПАЛЕОЛИТА В АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ КОЛЛЕКЦИИ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	50
Курманкулов Ж., Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПАМЯТНИКИ НИЖНЕЙ СЫРДАРЬИ	56
Құрманалина Н.Н., Тулебаев Т.А. ИСТОРИОГРАФИЯ ЭТНОНИМА «ОЙРАТ»	64
Орынбаева Г.Ү. ОСОБЕННОСТИ КОЧЕВОГО И ПОЛУКОЧЕВОГО ХОЗЯЙСТВА КАЗАХОВ АРИДНЫХ ЗОН (80-Е ГГ. XIX– НАЧАЛО XX В.)	74
Оспанов Н. ИЗ ИСТОРИИ СТАНОВЛЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ	96
Жанымхан О. ГОРОДА КАЗАХСКОЙ ЭТНОТЕРРИТОРИИ В КИТАЙСКИХ ПУТЕВЫХ ЗАПИСКАХ И ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКИХ ТРУДАХ XIII ВЕКА	104
Рустем К., Сарыбаев М. ИНСТРУКЦИИ ГЛАВЛИТ – КАК ИСТОЧНИК КОНТРОЛЯ НАД ЦЕНЗУРОЙ В СОВЕТСКОМ ОБЩЕСТВЕ	120

Сарыбаев М.С.

СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА СО СТРАНАМИ ЕВРОПЫ
В ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЙ СФЕРЕ126

Төленова З.М.

Д.А. КОНАЕВ И РАЗВИТИЕ НАУКИ КАЗАХСТАНА133

Хинков-Айтбаева Н.Б.

ДЕПОРТАЦИЯ КУРДОВ НА ТЕРРИТОРИЮ КАЗССР ВО ВРЕМЯ ВЕЛИКОЙ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ (К 70-летию ВОВ)141

Шалекенов М.У.

ЖИВОТНОВОДСТВО КАРАКАЛПАКИИ В XIX - НАЧАЛЕ XX вв150

CONTENTS

Atantayeva B.Zh., Bekbayeva A.E. SETTLEMENT OF ETHNIC GROUPS IN THE TERRITORY OF EASTERN KAZAKHSTAN IN THE FIRST HALF OF THE 19th CENTURY	6
Atygayev N.A. ON THE INTERPRETATION OF THE PREHISTORY OF THE FORMATION OF THE KAZAKH KHANATE	14
Zhenis Zh., Nalibayeva S.M. THE WORLDVIEW OF THE TURANIANS IN THE EPIC “SHAHNAMEH”	28
Zhubanyshov B.T., Kaipbayeva A.T. THE AGRARIAN-COLONIAL POLICY OF TSARIST RUSSIA IN THE SEMIRECHYE REGION IN THE 19TH AND EARLY 20TH CENTURIES	35
Kozhanov K.B. AFGHANISTAN IN THE GEOPOLITICS OF RUSSIA AND BRITAIN (END OF THE XIX AND EARLY XX CENTURY).....	39
Kulsariyeva S.P. ARTIFACTS OF EARLY PALEOLITHIC COLLECTION OF CENTRAL STEPPE MUSEUM OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	50
Kurmankulov Zh., Utubayev Zh.R. ANCIENT MONUMENTS OF THE LOWER SYRDARYA	56
Kurmanalina N.N., Tulebaev T.A. HISTORIOGRAPHY OF THE ‘OYRAT’ ETHNONYM	64
Orynbayeva G.U. FEATURES OF NOMADIC AND SEMI-NOMADIC ECONOMY OF THE KAZAKHS OF ARID ZONES (THE 80th OF XIX – EARLY OF THE XX CENTURY)	74
Ospanov N. FROM THE HISTORY OF THE DEVELOPMENT OF INTERNATIONAL ORGANIZATIONS	96
Zhanymkhan O. CITIES OF THE KAZAKH ETHNO-TERRITORY IN CHINESE TRAVEL ACCOUNTS AND HISTORICAL-GEOGRAPHICAL WORKS OF THE THIRTEENTH CENTURY	104
Rustem K., Sarybayev M. GLAVLIT GUIDELINES - AS A BASIC SOURCE FOR THE CONTROL OF CENSORSHIP IN THE SOVIET SOCIETY	120

Sarybayev M.S. KAZAKHSTAN'S COOPERATION WITH EUROPEAN COUNTRIES IN ENERGY SPHERE	126
Tolenova Z.M. D.A. KUNAYEV AND THE DEVELOPMENT OF SCIENCE IN KAZAKHSTAN	133
Khinkov-Aitbayeva N.B. THE DEPORTATION OF KURDS TO THE TERRITORY OF Kaz.SSR DURING THE SECOND WORLD WAR	141
Shalekenov M.U. CATTLE-BREEDING IN KARAKALPAKSTAN IN THE XIX – EARLY XX CENTURIES	150

Электрондық ғылыми журналы
2017. 2(10)

Бас редактор: Қабылдинов З.Е.
Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.06.2017.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-ү